

«Өркен» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық
ғылыми-практикалық
институты» КеАҚ президентінің
2025 жылғы № _____
бұйрығымен бекітілді

«ЖЕЛІДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК» ФЛЕШМОБЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Желідегі қауіпсіздік» флешмобын (бұдан әрі – Флешмоб) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін және қатысу шарттарын айқындайды.

1.2. Флешмобтың ұйымдастырушысы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми практикалық институты (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. Флешмоб Қазақстан Республикасы орта білім беру саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау мақсатында, балалар мен жасөспірімдердің цифрлық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кибербуллингтің, интернетке тәуелділіктің және онлайн ортадағы деструктивті ықпалдардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс аясында өткізіледі. Бұл жұмыс «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеу» бағыты бойынша жүзеге асырылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

Флешмобтың мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің цифрлық, физикалық және психологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жауапты әрі саналы көзқарасын қалыптастыру, интернет кеңістігінде және күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту, сондай-ақ бала-жасөспірім ортасында достық, сенім және өзара көмектесу құндылықтарын нығайту.

Міндеттері:

✓ оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру және интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалануға байланысты қауіптер туралы хабардарлығын күшейту;

✓ балалар мен жасөспірімдерге онлайн ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке деректерін қорғау және интернеттегі қауіп-қатерлерді тану қабілетін дамыту;

✓ балаларды жағымды белсенділік түрлеріне тарту арқылы кибербуллингтің, интернетке тәуелділіктің және деструктивті онлайн ықпалдың алдын алу;

✓ цифрлық кеңістікте жауапты және этикалық қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

- ✓ мектеп, ата-аналар және балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мәселелері бойынша мамандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- ✓ оқушылар арасында достық, өзара құрмет және өзара көмектесу құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ету – бұл қауіпсіз әрі үйлесімді қарым-қатынастың негізі.
- ✓

3. Қатысушылар

3.1. Флешмобқа жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары мен сынып жетекшілері қатысады. Іс-шараға бір оқушы да, тұтас сынып та қатыса алады.

4. Өткізу форматы

4.1. Флешмоб офлайн форматта өткізіледі, оған мектеп оқушылары мектеп аумағында, акт залында және басқа да орындарда сағат 11:00-де қатысады.

Идеясы мен тұжырымдамасы

Саналы көзқарас пен цифрлық мәдениеттің күші

Әрбір қатысушы қозғалыс, символдар немесе қысқа хабарламалар арқылы желідегі мінез-құлыққа саналы және жауапты көзқарасын білдіреді. Негізгі идея – қауіпсіз интернет әрқайсымыздан басталады, ал бірге біз онлайн кеңістікті мейірімді әрі қауіпсіз ете аламыз.

Басталуы

Алаңда (мектеп ауласы, холл, сынып) бір немесе бірнеше қатысушы қолында телефон немесе планшет ұстап, онлайн әлемге енуін бейнелейді. Олардың қозғалысы – бейберекет, оқшау, хабарламалар дыбысы немесе цифрлық шудың астында орындалады.

Шумақ

Қатысушылар біртіндеп бір-бірімен әрекеттесе бастайды: бірі екіншісіне көмектеседі, экран алдында «Стоп!» деген белгі көрсетеді (негатив немесе буллингтен бас тарту ишарасы). Экранда немесе плакатта «Буллингті тоқтат. Қолдау көрсет. Көмектес.» деген жазу пайда болады.

Қайырмасы

Барлық қатысушы бір уақытта символдық қозғалыс жасайды (мысалы, алақандарын жүрек формасында біріктіру, «қалқан» ишарасы – алақандарды алға қою). Ұлттық немесе заманауи би элементтерін қосуға болады, бұл қатысушыларды біртұтас топқа біріктіреді.

Кульминация

Біртұтас композиция құрылады – шеңбер, Wi-Fi белгісі, құлып (қауіпсіздік символы) немесе «ҚАУІПСІЗДІК / SECURITY» сөзі (жалаулардан, плакаттардан немесе қатысушылардың өздерінен құралған). Осы сәтте достық, сенім және өзара көмектесу туралы музыкалық композиция орындалады.

Финал

Жалпы эмоционалды сәт – барлық қатысушы телефондарын жоғары көтереді, экрандарында келесі жазбалар көрсетіледі:

#ЖелідегіҚауіпсіздік #БезопасностьВСети #StopCyberbullying #Достық

#Қолдау

Флешмобтың финалдық аккордтарымен бірге ұраны естіледі:
Интернеттегі қауіпсіздік өзіңнен басталады – жауапты бол, қауіпсіз бол.

4.4. Жұмыстар әлеуметтік желілерде жарияланады, жарияланымда институттың ресми парақшалары белгіленуі тиіс (Instagram: **orken_institut**; Facebook: Orkeninstitut) және келесі хэштегтермен белгіленеді:
#желідегіқауіпсіздік2025 / #безопасностьвсети2025

5. Өткізу шарттары

5.1. Флешмоб аясындағы әрекеттер келесі идеяларды бейнелеуі тиіс:

- Интернетті саналы пайдалану: цифрлық кеңістіктің адамның өміріне, мінез-құлқына және эмоционалды жағдайына қалай әсер ететінін түсіну маңызды.
- Желідегі қауіпсіздік өзіңнен басталады: әр адам онлайн ортадағы өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілік алады.
- Кибердостық пен құрмет: буллингті, агрессияны және жалған ақпарат таратуды болдырмайтын қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
- Деректерінді қорға: жеке ақпаратты, құпиясөздерді және құпиялылықты сақтау ережелері.
- Бейжай болма: егер сен буллингке немесе желідегі қауіпті әрекеттерге куә болсаң, ересектерге немесе мамандарға жүгіну қажет.
- Интернет – даму құралы: цифрлық ресурстарды білім алу, шығармашылық және өзін-өзі дамыту үшін пайдалану, деструктивті әрекеттер үшін емес.
- Қолдау мен өзара көмек: достық, сенім және жағымды қарым-қатынас – қауіпсіз онлайн кеңістіктің негізі.
- Сын тұрғысынан ойлау: шынайы ақпаратты фейктен ажырата білу, манипуляция мен арандатуға ермеу.

Бұл идеяларды Флешмоб аясында дайындалатын бейнероликтерде, жазбаларда, плакаттарда, стористерде және басқа ақпараттық материалдарда қолдану ұсынылады.

6. Өткізу тәртібі

6.1. Флешмоб **2025 жылғы 21 қазанда сағат 11:00-де** өткізіледі.

6.2. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

6.3. Ұйымдастырушы Флешмобты өткізу шарттарын нақтылап, толықтыру құқығын өзіне қалдырады.

6.4. Флешмоб аяқталғаннан кейін әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға сілтемелер көрсетілген есептер жасалып, белгіленген формаға сәйкес білім басқармаларына **23 қазанға** дейін жолданады.

**ФЛЕШМОБ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МАТЕРИАЛ
ҰСЫНУ ҮЛГІСІ**

№	Мектептің атауы	Қатысушылар саны	Әлеуметтік желілердегі белсенді сілтемелер
1			
2			
3			
4			